

"Жеңіс" ашық акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакетін республикалық меншікке қабылдау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 19 тамыздағы N 851 Қаулысы

"Мемлекеттік мүлікті мемлекеттік меншіктің бір түрінен екінші түріне беру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 22 қаңтардағы N 81 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Жеңіс" ашық акционерлік қоғамының жарияланған акцияларының жалпы санының 38 пайызы мөлшеріндегі акцияларының мемлекеттік пакеті заңнамада белгіленген тәртіппен республикалық меншікке қабылдансын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті және Қарағанды облысының әкімдігі осы қаулының 1-тармағынан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

1) "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері және ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлестері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі N 405 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ - ы, 1999 ж., N 13, 124-құжат):

көрсетілген қаулыға 1-қосымшада:

"Қарағанды облысы" деген бөлімде:

реттік нөмірі 751-1-жол алынып тасталсын;

көрсетілген қаулыға 2-қосымшада:

"Қарағанды облысы" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 214-11-жолмен толықтырылсын:

"214-11 КРГ-000154 "Жеңіс" ААҚ";

2) "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 659 қаулысында:

көрсетілген қаулыға қосымшада:

"Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 205-13-жолмен толықтырылсын:

"205-13 КРГ-000154 "Жеңіс" ААҚ";

3) "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 6 сәуірдегі N 310 қаулысына

(Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2005 ж., N 14, 168-құжат):
көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы
министрлігінің қарамағындағы ұйымдардың тізбесінде:

2 "Акционерлік қоғамдар" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 66-1-
ж о л м е н т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

"66-1 "Жеңіс" ашық акционерлік қоғамы".

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК